

## 2010-2012 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы N 17/222-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2009 жылғы 25 желтоқсанда N 2521 тіркелді. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - ШҚО мәслихаты аппаратының 2010 жылғы 29 желтоқсандағы N 743/01-06 хатымен

**Ескерту. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - ШҚО мәслихаты аппаратының 2010.12.29 N 743/01-06 хатымен.**

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 72, 75-баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, «2008-2010 жылдарға арналған республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы», «2010-2012 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2010-2012 жылдарға арналған облыстық бюджет 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2010 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:
  - 1) кірістер – 123614685,7 мың теңге, соның ішінде:
    - салықтық түсімдер – 16173410,1 мың теңге;
    - салықтық емес түсімдер – 1306854,0 мың теңге;
    - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;
    - трансферттердің түсімдері – 106134421,6 мың теңге;
  - 2) шығындар – 124601950,7 мың теңге;
  - 3) таза бюджеттік кредит беру – 2028052 мың теңге, соның ішінде:
    - бюджеттік кредиттер – 3105137 мың теңге;
    - бюджеттік кредиттерді өтеу – 1077085 мың теңге;
  - 4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 22000 мың теңге, соның ішінде:
    - қаржы активтерін сатып алу – 22000 мың теңге;
    - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;
  - 5) бюджет тапшылығы (профицит) – -3037317 мың теңге;
  - 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – 3037317 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ШҚО мәслихатының 2010.01.15 № 18/237-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен; өзгертулер енгізілді - ШҚО мәслихатының 2010.04.09 № 20/245-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 2010.05.17 № 21/269-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 2010.07.20 № 22/276-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.10.22 № 24/298-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.12.10 № 25/307-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. Облыстың қалалары мен аудандарының бюджеттеріне 2010 жылға арналған әлеуметтік салық, төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы, төлем көзінен ұсталатын шетел азаматтарының жеке табыс салығы бойынша мынадай кірістерді бөлу нормативтері белгіленсін:

Өскемен қаласына	16,5 пайыз;
Семей қаласына	88 пайыз;
Риддер қаласына	95 пайыз;
Бородулиха ауданына	35,5 пайыз;
Глубокое ауданына	69,1 пайыз;
Шемонаиха ауданына	49,5 пайыз;
қалған аудандарға	100 пайыз.

3. Қалалар мен аудандар бюджеттеріне қызметтерін бір реттік талондар бойынша жүзеге асыратын жеке тұлғаларға салынатын жеке табыс салығынан, және төлем көзінен ұсталмайтын жеке табыс салығынан, төлем көзінен ұсталмайтын шетел азаматтарының жеке табыс салығынан табысты бөлу мөлшері 2010 жылға 100 пайыз мөлшерінде белгіленсін.

4. Облыстық қазынашылық департаменті 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап, тиісті бюджеттерге кірістер сомасын есепке алуды белгіленген нормативтер бойынша жүргізсін.

5. 4 қосымшаға сәйкес «2008-2010 жылдарға арналған облыстық бюджет пен облыстың қалалары мен аудандарының бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы» Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты сессиясының 2007 жылғы 14 желтоқсандағы № 3/29-IV шешімімен бекітілген жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу кезінде қарастырылған әлеуметтік салық және жеке табыс салығының салық салынатын базасының өзгеруі есебімен бюджет саласындағы еңбек ақы төлеу қорының өзгеруіне байланысты 2010 жылға арналған облыстық бюджетте аудандық (қалалық) бюджеттерден жалпы сомасы 1400927 мың теңгеге трансферттердің түсімі көзделсін.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ШҚО мәслихатының 2010.04.09 № 20/245-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.

5-1. 30-қосымшаға сәйкес 2010 жылға арналған облыс бюджетінде облыстық бюджеттің шығындарын өтеуге арналған аудандық (қалалық) бюджеттерден 106862 мың теңге сомасындағы трансферттердің түсімі көзделсін.

**Ескерту. Шешім 5-1 тармақпен толықтырылды - ШҚО мәслихатының 2010.05.17 № 21/269-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) ш е ш і м і м е н .**

5-2. 31 қосымшаға сәйкес облыстық бюджетте 2009 жылы бөлінген, ағымдағы қаржы жылында пайдалануға (толық пайдалануға) рұқсат етілген, нысаналы трансферттердің пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) сомаларын қайтару, сондай-ақ мемлекеттік қаржылық бақылау органының актісіне сәйкес нысаналы трансферттердің нысаналы мақсатқа сай пайдаланылмаған сомаларын қайтару к ө з д е л с і н .

**Ескерту. Шешім 5-2 тармақпен толықтырылды - ШҚО мәслихатының 2010.12.10 № 25/307-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

6. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте облыстық бюджеттен қалалар мен аудандар бюджеттеріне берілетін субвенциялар көлемі 24730912 мың теңге сомасында белгіленсін, соның ішінде:

Абай ауданына	1024426 мың теңге;
Аягөз ауданына	1149088 мың теңге;
Бородулиха ауданына	1475945 мың теңге;
Бесқарағай ауданына	1125276 мың теңге;
Глубокое ауданына	1306882 мың теңге;
Жарма ауданына	1775016 мың теңге;
Зырян ауданына	872614 мың теңге;
Зайсан ауданына	1519943 мың теңге;
Катонқарағай ауданына	1725220 мың теңге;
Күршім ауданына	1974082 мың теңге;
Көкпекті ауданына	1884206 мың теңге;
Риддер қаласына	147743 мың теңге;
Семей қаласына	333283 мың теңге;
Курчатов қаласына	39155 мың теңге;
Өскемен қаласына	500636 мың теңге;
Тарбағатай ауданына	2600695 мың теңге;
Ұлан ауданына	1450386 мың теңге;
Үржар ауданына	2866036 мың теңге;
Шемонаиха ауданына	960280 мың теңге.

6-1. Облыстық бюджетте республикалық бюджеттен берілетін мына көлемдердегі ағымдағы нысаналы трансферттер көзделсін:  
21110 мың теңге – жаңадан іске қосылатын денсаулық сақтау объектілерін

к ү т і п - ұ с т а у ғ а ;

94942 мың теңге – жаңадан іске қосылатын білім беру объектілерін

к ү т і п - ұ с т а у ғ а ;

119024 мың теңге – «Өзін-өзі тану» пәнін енгізу үшін, соның ішінде:

1400 мың теңге – «Өзін-өзі тану» кабинеттері үшін жабдықтар сатып алуға;

117624 мың теңге – мектепке дейінгі ұйымдарды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын, біліктілік арттыру институттарын «Өзін-өзі тану» пәні бойынша оқу материалдарымен қамтамасыз е т у ғ а ;

1610431 мың теңге – дәрілік заттарды, вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға;

198566 мың теңге – арнаулы әлеуметтік қызметтер стандарттарын енгізуге;

77893 мың теңге – медициналық-әлеуметтік мекемелерде күндіз емделу бөлімшелері желісін дамытуға;

124317 мың теңге – үкіметтік емес секторда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға;

284509 мың теңге – медициналық-әлеуметтік мекемелерде тамақтану нормаларын ұлғайтуға;

223117 мың теңге - мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар төлеуге;

564170 мың теңге - Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға, 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 3 қыркүйек аралығындағы кезеңде майдандағы армия құрамына кірмеген әскери бөлімдерде, мекемелерде, әскери-оқу орындарында әскери қызмет өткерген, «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалімен немесе «Жапонияны жеңгені үшін» медалімен марапатталған әскери қызметшілерге, оның ішінде запасқа (отставкаға) шыққандарға, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) адамдарға біржолғы материалдық көмек төлеуге, сонымен қатар Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының елдері, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жол жүруін, сондай-ақ оларға және олармен бірге жүретін адамдарға Мәскеу, Астана қалаларында мерекелік іс-шараларға қатысуы үшін тамақтануына, тұруына, жол жүруіне арналған шығыстарын төлеуді қамтамасыз етуге;

281936 мың теңге – ветеринария саласындағы жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелерін ұстауға;

624201 мың теңге – эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге;

639267 мың теңге – «жалғыз терезе» қағидаты бойынша халыққа қызмет

к ө р с е т у г е ;

31661 мың теңге – ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көзі болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінен ауыз су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын с у б с и д и я л а у ғ а ;

1191718 мың теңге – облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеуге;

118560 мың теңге – тұқым шаруашылығын қолдауға;

289958 мың теңге – асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға;

1157763 мың теңге – көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағар май материалдарын және басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға;

90054 мың теңге – өндірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығын және сапасын арттыруды қолдауға;

39193 мың теңге – ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялауға;

1996841 мың теңге – мал шаруашылығы өнімділігін және өнімінің сапасын арттыруды с у б с и д и я л а у ғ а ;

29744 мың теңге – ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін;

409793 мың теңге – Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005 – 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға, соның і ш і н д е :

204850 мың теңге – негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен ж а р а қ т а н д ы р у ғ а ;

204943 мың теңге – бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде лингафондық және мультимедиялық кабинеттер құруға ;

15600 мың теңге – Қазақстан Республикасында кәсіптік және техникалық білім беруді дамытудың 2008 – 2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде кәсіптік лицейлер үшін шетелдік ағылшын тілі о қ ы т у ш ы л а р ы н т а р т у ғ а ;

1084728 мың теңге – Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005 – 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға, соның ішінде:

667609 мың теңге – жергілікті деңгейде медициналық денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға;

417119 мың теңге – тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін

қамтамасыз етуге және кеңейтуге;

221368 мың теңге – жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға стипендиялардың мөлшерін ұлғайтуға, соның ішінде:

192830 мың теңге - Білім және ғылым министрлігіне;

28538 мың теңге - Денсаулық сақтау министрлігіне;

1787 мың теңге – мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттердің аражігін ажырату шеңберінде қоршаған ортаны қорғау саласында берілетін функцияларды іске асыруға;

2398 мың теңге - «Мак» операциясын өткізуге;

702692 мың теңге - мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға;

1500000 мың теңге - Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы VII Өңіраралық ынтымақтастық Форумының өтуіне байланысты Өскемен қаласында абаттандыру және инфрақұрылымдарды жөндеу жұмыстарын жүргізуге;

815987 мың теңге – «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында жеке кәсіпкерлікті қолдауға;

50380 мың теңге – халықаралық маңызы бар іс-шаралар өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етуге;

1342 мың теңге – көші-қон полициясының қосымша штат санын ұстауға, материалдық-техникалық жарақтандыруға, оралмандарға құжат беруге;

297 мың теңге – Оралмандарды уақытша орналастыру орталығын және Оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығын ұстауға және материалдық-техникалық жарақтандыруға.

**Ескерту. Шешім 6-1 тармақпен толықтырылды - ШҚО мәслихатының 2010.01.15 № 18/237-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен; өзгертулер енгізілді - ШҚО мәслихатының 2010.04.09 № 20/245-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 2010.05.17 № 21/269-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 2010.10.22 № 24/298-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.12.10 № 25/307-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

6-2. Облыстық бюджетте республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері мына көлемдерде көзделсін:

1428000 мың теңге – 2009 – 2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасын іске асыру шеңберінде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға;

1140000 мың теңге – Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының

2008 – 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға, жайластыруға және ( немесе ) с а т ы п а л у ғ а ;

586000 мың теңге – Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2008 – 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) сатып алуға;

4117860 мың теңге – денсаулық сақтау объектілерін салуға және р е к о н с т р у к ц и я л а у ғ а ;

2418944 мың теңге – білім объектілерін салуға және реконструкциялауға;

3300000 мың теңге – жылу энергетика жүйесін дамытуға;

1282461 мың теңге – сумен қамту жүйесін дамытуға;

1676716 мың теңге – көлік инфрақұрылымын дамытуға;

427200 мың теңге – «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында индустриялық инфрақұрылымды дамытуға.

**Ескерту. Шешім 6-2 тармақпен толықтырылды - ШҚО мәслихатының 2010.01.15 № 18/237-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен; өзгертулер енгізілді - ШҚО мәслихатының 2010.04.09 № 20/245-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 2010.05.17 № 21/269-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 2010.10.22 № 24/298-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.12.10 № 25/307-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

6-3. 2010 жылға арналған облыстық бюджеттің түсімдер бөлігінде республикалық бюджеттен берілетін мынадай кредиттер көзделгені ескерілсін:

1107000 мың теңге - Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2008 – 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес тұрғын үй салуға және (немесе) сатып алуға сыйақының нөлдік ставкасы бойынша.

127668 мың теңге – ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін;

1770469 мың теңге – 2009 – 2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасын іске асыру шеңберінде тұрғын үй салуға және (немесе) сатып а л у ғ а .

**Ескерту. Шешім 6-3 тармақпен толықтырылды - ШҚО мәслихатының 2010.01.15 № 18/237-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен; өзгерту енгізілді - ШҚО мәслихатының 2010.04.09 № 20/245-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.**

6-4. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру аясында жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне мынадай іс-шараларды

қаржыландыруға ағымдағы нысаналы трансферттер және нысаналы даму трансферттері көзделсін:

3208954 мың теңге – мектептерді, ауруханаларды және басқа да әлеуметтік объектілерді күрделі және ағымды жөндеуге, соның ішінде:

23288 мың теңге – спорт объектілерін күрделі және ағымды жөндеуге;

257104 мың теңге – мәдениет объектілерін күрделі және ағымды жөндеуге;

1957661 мың теңге – білім беру объектілерін күрделі және ағымды жөндеуге;

867862 мың теңге – денсаулық сақтау объектілерін күрделі және ағымды жөндеуге;

103039 мың теңге – әлеуметтік қамсыздандыру объектілерін күрделі және ағымды жөндеуге;

1765762 мың теңге - облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын, қалалардың және елді мекендердің көшелерін жөндеуге және күтіп-ұстауға;

94023 мың теңге – облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын, қалалардың және елді мекендердің көшелерін салуға және қайта жаңартуға;

499217 мың теңге - кенттердегі, ауылдардағы (селолардағы), ауылдық (селолық) округтердегі әлеуметтік жобаларды қаржыландыруға, соның ішінде:

67391 мың теңге – мәдениет объектілерін күрделі жөндеуге;

133873 мың теңге – мәдениет объектілерін ағымды жөндеуге;

70786 мың теңге – кент ішіндегі жолдарды ағымды жөндеуге;

227167 мың теңге – ауылдық елді мекендерді жайластыруға;

1577445 мың теңге – инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жөндеуге және дамытуға және қалалар мен елді мекендерді жайластыруға.

**Ескерту. Шешім 6-4 тармақпен толықтырылды - ШҚО мәслихатының 2010.01.15 № 18/237-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен; өзгерту енгізілді - ШҚО мәслихатының 2010.04.09 № 20/245-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.**

6-5. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен кадрларды даярлауға және қайта даярлауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер көзделсін, 532000 мың теңге көлеміндегі сома Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасына бөлінсін.

**Ескерту. Шешім 6-5 тармақпен толықтырылды - ШҚО мәслихатының 2010.01.15 № 18/237-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен; өзгерту енгізілді - ШҚО мәслихатының 2010.10.22 № 24/298-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

6-6. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен әлеуметтік жұмыс орындары және жастар практикасы бағдарламасын кеңейтуге



468000 мың теңге көлеміндегі ағымдағы нысаналы трансферттер көзделсін.

**Ескерту. Шешім 6-6 тармақпен толықтырылды - ШҚО мәслихатының 2010.01.15 № 18/237-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) ш е ш і м і м е н .**

6-7. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне мына көлемдерде ағымдағы нысаналы трансферттер көзделгені е с к е р і л с і н :

94942 мың теңге – 9-қосымшаға сәйкес жаңадан іске қосылатын білім беру объектілерін күтіп-ұстауға;

114715 мың теңге – 10-қосымшаға сәйкес «Өзін-өзі тану» пәнін енгізу үшін мектепке дейінгі ұйымдарды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын, біліктілік арттыру институттарын «Өзін-өзі тану» пәні бойынша оқу материалдарымен қамтамасыз етуге;

61750 мың теңге – 11-қосымшаға сәйкес медициналық-әлеуметтік мекемелерде күндіз емделу бөлімшелері желісін дамытуға;

20116 мың теңге – 12-қосымшаға сәйкес медициналық-әлеуметтік мекемелерде тамақтану нормаларын ұлғайтуға;

223117 мың теңге - 13 қосымшаға сәйкес мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар төлеуге;

564170 мың теңге – 14-қосымшаға сәйкес Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға, 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 3 қыркүйек аралығындағы кезеңде майдандағы армия құрамына кірмеген әскери бөлімдерде, мекемелерде, әскери-оқу орындарында әскери қызмет өткерген, «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалімен немесе «Жапонияны жеңгені үшін» медалімен марапатталған әскери қызметшілерге, оның ішінде запасқа (отставкаға) шыққандарға, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) адамдарға біржолғы материалдық көмек төлеуге, сонымен қатар Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының елдері, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жол жүруін, сондай-ақ оларға және олармен бірге жүретін адамдарға Мәскеу, Астана қалаларында мерекелік іс-шараларға қатысуы үшін тамақтануына, тұруына, жол жүруіне арналған шығыстарын төлеуді қамтамасыз етуге;

біржолғы материалдық көмек төлеуге;

жол жүруін қамтамасыз етуге;

271921 мың теңге – 15-қосымшаға сәйкес ветеринария саласындағы жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелерін ұстауға;

613946 мың теңге – 16-қосымшаға сәйкес эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге;

29744 мың теңге - 17-қосымшаға сәйкес ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін;

409793 мың теңге – 18-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005 – 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға:

негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыруға;

бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде лингафондық және мультимедиялық кабинеттер құруға;

702692 мың теңге – 29-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға;

1500000 мың теңге – Өскемен қаласының бюджетіне Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы VII Өңіраралық ынтымақтастық Форумының өтуіне байланысты Өскемен қаласында абаттандыру және инфрақұрылымдарды жөндеу жұмыстарын жүргізуге.

**Ескерту. Шешім 6-7 тармақпен толықтырылды - ШҚО мәслихатының 2010.01.15 № 18/237-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен; өзгертулер енгізілді - ШҚО мәслихатының 2010.04.09 № 20/245-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 2010.10.22 № 24/298-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.12.10 № 25/307-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

6-8. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне дамуға мына көлемдерде нысаналы даму трансферттері көзделгені ескерілісін:

1282461 мың теңге – 19-қосымшаға сәйкес сумен қамту жүйесін дамытуға;

1428000 мың теңге – Өскемен қаласының бюджетіне 2009 – 2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасын іске асыру шеңберінде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға;

746800 мың теңге - Өскемен қаласының бюджетіне білім беру объектілерінің құрылысына және реконструкциялауға, оның ішінде инвестициялық жобаларға: Өскемен қаласындағы 280 орындық балабақша құрылысына 310800 мың теңге сомасында, Өскемен қаласындағы 600 орындық орта мектеп құрылысына 436000 мың теңге сомасында;

1140000 мың теңге – 20-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2008 – 2010 жылдарға арналған мемлекеттік

бағдарламасына сәйкес инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға;

586000 мың теңге – 21-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2008 – 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) сатып алуға;

3300000 мың теңге – Семей қаласының бюджетіне жылу энергетика жүйесін дамытуға, соның ішінде инвестициялық жобаға: Семей қаласында қазіргі жылумен жабдықтау жүйесін қайта құру және жаңғырту.

**Ескерту. Шешім 6-8 тармақпен толықтырылды - ШҚО мәслихатының 2010.01.15 № 18/237-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен; өзгертулер енгізілді - ШҚО мәслихатының 2010.04.09 № 20/245-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 2010.10.22 № 24/298-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.12.10 № 25/307-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

6-9. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне республикалық бюджеттен берілетін мынадай бюджеттік кредиттер көзделгені ескерілсін:

1107000 мың теңге – Өскемен қаласының бюджетіне Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2008 – 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес тұрғын үй салуға және (немесе) сатып алуға сыйақының нөлдік ставкасы бойынша;

1770469 мың теңге – Өскемен қаласының бюджетіне 2009 – 2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасын іске асыру шеңберінде тұрғын үй салуға және (немесе) сатып алуға;

127668 мың теңге – 22-қосымшаға сәйкес ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін.

**Ескерту. 6-9-тармақ жаңа редакцияда - ШҚО мәслихатының 2010.04.09 № 20/245-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.**

6-10. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру аясында жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне мынадай іс-шараларды қаржыландыруға ағымдағы нысаналы трансферттер және нысаналы даму трансферттері көзделгені ескерілсін:

1698700 мың теңге – 23-қосымшаға сәйкес мектептерді, ауруханаларды және басқа да әлеуметтік объектілерді күрделі және ағымдағы жөндеуге, соның ішінде :

1479902 мың теңге – білім беру объектілерін күрделі және ағымдағы

ж ө н д е у г е ;

23821 мың теңге – әлеуметтік қамсыздандыру объектілерін күрделі және ағымдағы ж ө н д е у г е ;

194977 мың теңге – мәдениет объектілерін күрделі және ағымдағы жөндеуге;

1760545 мың теңге – 24-қосымшаға сәйкес облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын, қалалардың және елді мекендердің көшелерін жөндеуге және ұстауға, соның ішінде:

94023 мың теңге – Семей қаласының бюджетіне облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын, қалалардың және елді мекендердің көшелерін салуға және қайта жаңартуға;

499217 мың теңге – 25-қосымшаға сәйкес кенттердегі, ауылдардағы (селолардағы), ауылдық (селолық) округтердегі әлеуметтік жобаларды қаржыландыруға;

1461952 мың теңге – 26-қосымшаға сәйкес инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жөндеуге және дамытуға және қалалар мен елді мекендерді жайластыруға;

114635 мың теңге – 27-қосымшаға сәйкес инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жөндеуге және дамытуға және қалалар мен елді мекендерді жайластыруға.

**Ескерту. Шешім 6-10 тармақпен толықтырылды - ШҚО мәслихатының 2010.01.15 № 18/237-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен; өзгертулер енгізілді - ШҚО мәслихатының 2010.04.09 № 20/245-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 2010.07.20 № 22/276-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.10.22 № 24/298-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

6-11. 28-қосымшаға сәйкес 2010 жылға арналған облыстық бюджетте әлеуметтік жұмыс орындары және жастар практикасы бағдарламасын кеңейтуге республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне 468000 мың теңге сомасындағы ағымдағы нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін.

**Ескерту. Шешім 6-11 тармақпен толықтырылды - ШҚО мәслихатының 2010.01.15 № 18/237-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.**

7. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 238-бабы 2, 3-тармақтарына сәйкес ауылдық (селолық) жерлерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт салалары қызметкерлеріне бюджет қаражаты есебінен лауазымдық жалақылары және қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайларда шұғылданатын азаматтық қызметшілердің жалақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда

еңбекақылары жиырма бес пайызға көбейтіліп белгіленсін.

Ауылдық (селолық) жерлерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесін жергілікті өкілді органның келісімі бойынша жергілікті атқарушы орган анықтады.

8. 2010 жылдың 31 желтоқсанына облыстың жергілікті атқарушы органдарының 3513244 мың теңге қарыз лимиті белгіленсін.

**Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ШҚО мәслихатының 2010.04.09 № 20/245-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.**

9. Облыстың жергілікті атқарушы органының 2010 жылға арналған резерві 264210 мың теңге сомасында бекітілсін.

**Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ШҚО мәслихатының 2010.10.22 № 24/298-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

10. 5-қосымшаға сәйкес 2010 жылға арналған облыстық бюджетті атқару барысында секвестрлеуге жатпайтын облыстық бюджеттік бағдарламалар тізбесі бекітілсін.

11. 6-қосымшаға сәйкес 2010 жылға арналған жергілікті бюджеттердің атқарылу барысында секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалар белгіленсін.

12. 7-қосымшаға сәйкес 2010 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне облыстық бюджеттен мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмекке 984303 мың теңге сомасында трансферттер көзделсін.

**Ескерту. 12-тармаққа өзгертулер енгізілді - ШҚО мәслихатының 2010.07.20 № 22/276-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.10.22 № 24/298-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

13. 8-қосымшаға сәйкес 2010 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне облыстық бюджеттен 1244593,7 мың теңге сомасында трансферттер көзделсін.

**Ескерту. 13-тармаққа өзгертулер енгізілді - ШҚО мәслихатының 2010.04.09 № 20/245-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 2010.05.17 № 21/269-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 2010.07.20 № 22/276-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.10.22 № 24/298-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

14. Осы шешім 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шығыс Қазақстан облыстық  
мәслихатының хатшысы* *В. Ахаев*

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының  
2009 жылғы 21 желтоқсандағы  
№ 17/222-IV шешіміне 1-қосымша

**2010 жылға арналған облыстық бюджет**

Ескерту. 1-Қосымша жаңа редакцияда - ШҚО мәслихатының 2010.12.10 № 25/307-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Санат			С о м а с ы (мың теңге)
Сынып			
	Ішкі сынып		
		Кірістер атауы	
		1. КІРІСТЕР	123 614 685,7
1		Салықтық түсімдер	16 173 410,1
	01	Табыс салығы	7 345 231,0
	2	Жеке табыс салығы	7 345 231,0
	03	Әлеуметтік салық	6 366 342,0
	1	Әлеуметтік салық	6 366 342,0
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	2 461 837,1
	3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	2 461 837,1
2		Салықтық емес түсімдер	1 306 854,0
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	167 574,0
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	98 600,0
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	68 974,0
	04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1 129 280,0
	1	Мұнай секторы кәсіпорындарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1 129 280,0
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	10 000,0
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	10 000,0
4		Трансферттердің түсімдері	106 134 421,6
	01	Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан алынатын трансферттер	1 638 225,6

	2	Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер	1 638 225,6
02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	103 796 196,0
	1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	103 796 196,0
03		Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін трансферттер	700 000,0
	1	Облыстық бюджеттің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің басқа облыстық бюджеттермен, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерімен өзара қатынастары	700 000,0

Функционалдық топ				Сомасы (мың теңг)
	Кіші функция			
	Әкімші			
	Бағдарлама			
	Шығыстар атауы			
			II. Шығындар	124 601 950,7
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	1 818 879,9
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	1 615 676,7
		110	Облыс мәслихатының аппараты	37 226,6
			001 Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	36 626,6
			004 Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	600,0
		120	Облыс әкімінің аппараты	1 578 450,1
			001 Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	781 506,8
			002 Ақпараттық жүйелер құру	17 760,0
			003 Жеке және заңды тұлғаларға "жалғыз терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсететін халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін ұйымдастыру	639 267,0
			004 Мемлекеттік органдардың ғимараттарын, үй-жайлары және құрылыстарын күрделі жөндеу	15 274,0
			005 Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	124 642,3
	2		Қаржылық қызмет	107 380,2
		257	Облыстың қаржы басқармасы	107 380,2
			001 Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	89 824,2
			003 Біржолғы талондарды беруді ұйымдастыру және біржолғы талондарды өткізуден түсетін сомаларды толық жиналуын қамтамасыз ету	12 048,0

		009	Коммуналдық меншікті жекешелендіруді ұйымдастыру	4 510,8
		014	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	997,2
5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	95 823,0
	258		Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	95 823,0
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту және облысты басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	93 295,7
		006	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	2 527,3
02			Қорғаныс	491 837,6
	1		Әскери мұқтаждар	50 238,0
		250	Облыстың жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасы	50 238,0
		003	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	23 593,0
		007	Аумақтық қорғанысты дайындау және облыстық ауқымдағы аумақтық қорғанысы	26 645,0
2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	441 599,6
		250	Облыстың жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасы	441 599,6
		001	Жергілікті деңгейде жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	36 724,0
		004	Облыстық ауқымдағы азаматтық қорғаныстың іс-шаралары	45 273,0
		005	Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру	12 538,0
		006	Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	346 295,6
		010	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	769,0
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	6 266 365,3
	1		Құқық қорғау қызметі	6 266 365,3
		252	Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	6 265 671,3
		001	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5 548 670,5



		002	Медициналық айықтырғыштардың және медициналық айықтырғыштардың жұмысын ұйымдастыратын полиция бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыру	88 244,0
		003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	5 000,0
		006	Мемлекеттік органдардың ғимараттарын, үй-жайлары және құрылыстарын күрделі жөндеу	2 007,4
		011	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	457 998,0
		012	Кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеуді және оңалтуды ұйымдастыру	55 457,4
		013	Белгілі тұратын жері және құжаттары жоқ адамдарды орналастыру қызметтері	41 556,0
		014	Әкімшілік тәртіппен тұтқындалған адамдарды ұстауды ұйымдастыру	46 734,0
		015	Қызмет жануарларын ұстауды ұйымдастыру	15 967,0
		016	«Мак» операциясын өткізу	2 398,0
		019	Көші-қон полициясының қосымша штаттық санын материалдық-техникалық жарақтандыру және ұстау, оралмандарды құжаттандыру	1 342,0
		020	Оралмандарды уақытша орналастыру орталығын және Оралмандарды бейімдеу мен біріктіру орталығын материалдық-техникалық жарақтандыру және ұстау	297,0
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	694,0
		003	Ішкі істер органдарының объектілерін дамыту	694,0
04			Білім беру	14 517 178,2
	1		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	702 692,0
		261	Облыстың білім басқармасы	702 692,0
		027	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырыстарын іске асыруға аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	702 692,0
	2		Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	3 992 168,4
		260	Облыстың туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасы	1 535 020,5
		006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	1 479 500,5
		007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	55 520,0
		261	Облыстың білім басқармасы	2 457 147,9
		003	Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	1 044 749,3
		006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	907 663,6
		018	Жаңадан іске қосылатын білім беру объектілерін ұстауға аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	94 942,0
			Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика,	

		048	химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарактандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	204 850,0
		058	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде лингафондық және мультимедиялық кабинеттер құруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	204 943,0
4			Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	3 579 925,5
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	207 612,0
		043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	207 612,0
	261		Облыстың білім басқармасы	3 372 313,5
		024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	3 372 313,5
5			Мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру	738 172,6
	252		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	111 930,0
		007	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	111 930,0
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	5 940,0
		003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	5 940,0
	261		Облыстың білім басқармасы	620 302,6
		010	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	88 302,6
		060	Кадрларды даярлау және қайта даярлау	532 000,0
9			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	5 504 219,7
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	6 997,0
		035	Денсаулық сақтау жүйесінің мемлекеттік білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық жарактандыру	6 997,0
	261		Облыстың білім басқармасы	2 704 944,0
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	60 324,0
		004	Білім берудің мемлекеттік облыстық мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	86 344,0
		005	Білім берудің мемлекеттік облыстық мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	30 032,0
		007	Облыстық ауқымда мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу	78 459,0
		008	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде білім беру объектілерін күрделі, ағымды жөндеу	686 441,0
